

6D020300-Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін ізденуге арналған И.А. Кукушкиннің
«Қазақстанның қола дәуірі отандық және шетелдік зерттеушілердің
еңбектерінде» атты диссертациясына

АҢДАТПА

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі кезеңінде ұлттық сана-сезімнің қарқынды өсуі жүріп жатыр. Елдің жаһандық және аймақтық деңгейде орналасуына байланысты мәдени, рухани, геосаяси жағдайлардың үйлесуі мемлекеттің ежелгі тарихына деген қызығушылықтың артуына әкелді.

Археологиялық ескерткіштерді жүйелі зерттеу қола дәуірінің деректану базасын едәуір кеңейтуге мүмкіндік берді. Тарихтың жазбаша кезеңі жүйелі түрде нақты мазмұнмен толыға бастайды. Заттық деректер бағытындағы заманауи археология қосымша пән ретінде ғана емес, қайта, тарихи жәдігерлерді қайта қалпына келтіретін, жүйелі модельдеумен айналысатын, ежелгі мифтік аңыздардағы архетиптерді іздестірумен айналысатын толыққанды білімнің көзіне айнала бастады. Зерттеудің бірінші кезектегі міндеті Қазақстан аумағында қола дәуірінде б. з. д. III – I мыңжылдықтың басында өткен терең әлеуметтік процестерді жақсы түсінуге және ұғынуға мүмкіндік беретін жалпы тарихи процестің бірыңғай көрінісіне жаңа білімдерді біріктіру болып табылады.

Қазіргі уақытта Елбасы, ұлт көшбасшысы Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламалық құжатынан туындайтын идеялар мен ережелерді іске асыру бойынша түрлі шаралар кешені жүзеге асырылуда (2017 ж.). Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласын жариялау (2018 ж.) бірқатар өзекті мәселелерді әзірлеуге серпін берді. Осы бағдарламалық мақалаларда тарихи-мәдени мұраны зерттеу саласындағы басымдылықтар анықталды.

Қола дәуірін зерттеуде тарихшылар, археологтар, антропологтар, ғылыми жаратылыстану бағыттарының өкілдерінің зерттеулеріне қарамастан, әлі күнге дейін шешімін таппаған, өткір мәселелер қатары қаншама. Бірінші кезекте – қола дәуірі тайпаларының шығу тегі және олардың этникалық біртұтастығы, қоғамның әлеуметтік критерийлері және оның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі, діни-мифологиялық көріністері мен олардың материалдық көріністерінің динамикасы болып табылады. Қазақстанның қола дәуірі туралы ғылыми білімнің одан әрі үдемелі және тиімді дамуы үшін алынған археологиялық деректерді кешенді зерттеу қажет.

Зерттелетін кезең бойынша деректердің ауқымды базасы көпжылдық зерттеулер нәтижесінде жинақталған ғылыми білімдерді мақсатты түрде жинақтауға, проблематиканың қазіргі жай-күйін нақтылауға және

республиканың қола дәуірі бойынша тарихи білімдердің жинақталу динамикасын көрсетуге мүмкіндік береді.

Диссертациялық зерттеу нысаны: Отандық және шетелдік ғалымдардың Қазақстанның қола дәуірі бойынша білімді жинақтау процесі болып табылады.

Диссертациялық зерттеу пәні: Қазақстанның қола дәуірін зерттеуге бағытталған, оның ішінде, жарияланған және жарияланбаған еңбектердің жиынтығы болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты: XVIII ғасырдан бастап қазіргі уақытқа дейін ғылыми деректер мен қазіргі теорияларды тарихнамалық талдау негізінде, Қазақстанның қола дәуірін тарихи тану процесінің тұжырымдамалық дамуының тұтас бейнесін қалыптастырудан тұрады. Қойылған мақсат зерттеу жұмысының міндеттерін анықтады:

- отандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми платформасы болған қола дәуірін зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін ашу;

- жинақталған археологиялық деректердің ақпараттық мүмкіндіктерін анықтау;

- қола дәуіріндегі тайпалардың этномәдени атрибуциясы туралы мәселенің тарихнамасын зерттеу;

- ғылыми еңбектер негізінде Қазақстанның қола дәуіріндегі бірқатар ескерткіштерді кезеңдеу және мәдени тиістілік мәселелерін қарастыру;

- Қазақстанның қола дәуірін ғылыми зерттеудегі негізгі кезеңдерді анықтау.

Зерттеудің хронологиялық шеңбері: XVIII ғасыр мен XXI ғ. басы бойынша ғылыми білімнің кешенді талдауы болып табылады. Қазақстанның қола дәуіріне арналған жарияланған және жарияланбаған жұмыстар негізінде қабылданды.

Зерттеудің аумақтық шеңбері: Жұмыста қазіргі Қазақстан шекараларының шеңберінде б.з. д. III-I мыңжылдықтың басындағы тарихи – мәдени үдерісті қарастыру ұсынылады.

Диссертацияның әдіснамалық негізі: Ғылыми объективтілік пен тарихшылықтың негізгі принциптерімен ұштасқан кешенді тәсіл болып табылады. Тарихи ұстанымға сәйкес әрбір құбылыс өткеннің объективті бейнесін қалыптастыру мақсатында талданып, бағаланады. Зерттеулердің өзара сынынан тұратын ғылыми жарияланымдардың кең ауқымдағы көздері ретінде толық қамту және пайдалану жұмысты жазу процесінде объективтілік қағидасына сәйкес келеді.

Талдау әдісін қолдану жекелеген ескерткіштерді ашу және зерттеу процестерін, сондай-ақ зерттеушілердің қорытындыларын қарастыруға және сипаттауға мүмкіндік берді. Синтез әдісін қолдану Қазақстанның қола дәуірін зерттеудегі жалпы үрдістерді анықтауға, қол жеткізілген нәтижелерді жинақтауға, қалыптасқан қайшылықтар мен шешілмеген проблемаларды нақтылауға ықпал етеді. Проблемалы-хронологиялық тәсіл бүкіл зерттеу тарихы бойы Қазақстанның қола дәуірі туралы ғылыми білімнің эволюциясын ашу үшін қолданылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы қола дәуірінің тарихнамасындағы негізгі әдіснамалық тұжырымдамаларды ұғынумен және дүниежүзілік-тарихи процестің органикалық және ажырамас бөлігі ретінде осы тарихи кезеңге объективті көзқарасты қалыптастырумен анықталады. Зерттеу еңбегінде:

- осы мәселе бойынша барлық қол жетімді деректану базасы пысықталды және жүйелендірілді;

- республиканың барлық аймақтарында қола дәуірінің мәдени құрылымдарын ғылыми бөлу процесі зерттелді;

- қола дәуірі бойынша жаңа білім жинақтау процесінде ғылыми зерттеулердің дамуының негізгі кезеңдері анықталды және үрдістері талданды;

- Қазақстанның қола дәуіріндегі археологиялық дереккөздерінің теориялық және танымдық маңызы ашылды.

Зерттеудің деректік негізі. Дереккөз ретінде біз мәселенің шығу тарихы туралы жалпы және нақты мәліметтерден тұратын Қазақстанның қола дәуірін зерттеуге арналған ғалымдардың еңбектерін айтамыз. Бұл монографиялар, ғылыми басылымдардағы мақалалар мен жарияланымдар, пікірталастар, конференция материалдары, тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы, мұрағаттық материалдар, диссертациялар, экспедициялық бөлімдердің жұмысы туралы есептер. Пайдаланылған әдебиеттер базасын бірнеше топқа бөлуге болады.

Біріншісі, ең өкілді топ ұжымдық және жеке монографиялық зерттеулерді қамтиды. Екінші топты ғылыми жинақтарда және конференция материалдарының шығарылымдарында, мерзімді ғылыми басылымдарда жарияланған тақырыптық мақалалар құрайды. Дереккөздердің үшінші тобы Қазақстан Республикасының тарих және мәдениет ескерткіштері жинағының жарияланған томдарымен ұсынылған. Төртінші топты мұрағаттық материалдар құрайды.

Практикалық маңыздылығы. Қазақстанның қола дәуірін зерттеу үдерісін қарастыру тарих ғылымының осы саласын одан әрі дамытуға ықпал етеді, өйткені ол әрі қарай зерттеу үшін ең перспективті бағыттарды анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу материалдары жоғары оқу орындарының Тарих факультеттерінде оқытылатын дәрістік және арнайы курстарда, сондай-ақ Қазақстанның қола дәуірі бойынша пікірталас сұрақтарының толық спектрін әзірлеуге бағытталған дипломдық жұмыстар мен магистрлік диссертацияларға арналған анықтамалық материал ретінде жалпылама еңбектерді жасауда қолданылуы мүмкін.

Біздің ойымызша, «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында қола дәуіріндегі ескерткіштерді сақтау, консервациялау, қалпына келтіру және мұражайландыру үдерістерін ұғыну үлкен маңызға ие, ол музей экспозицияларын, ашық аспан астындағы мұражайларды ұйымдастыруда және Қазақстан Республикасындағы тарихи-мәдени

туризмде дәуірдің жарқын ескерткіштерін пайдалануды жандандыруда іс жүзінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Мәселенің зерттелу деңгейі. Қазақстанның қола дәуірін зерттеудің ұзақ тарихына қарамастан, бүкіл республика бойынша бұл үдерісті қамту және жалпылау бойынша арнайы зерттеулер жүргізілген жоқ. Қазақстанның қола дәуірі туралы ғылыми түсініктерді қалыптастыру барысында археологиялық зерттеулердің динамикасын көрсететін үш кезеңді атап өтуге болады: XVIII ғ. – XX ғ. 40-шы жж. ортасы; 1946 ж. – XX ғ. 80-ші жж. аяғы; XX ғ. 90-шы жж. басы – қазіргі уақыт.

XVIII ғ. бастап XX ғ. басына дейін мақсатты зерттеулер нәтижесінде емес, негізгі қызмет саласында қатар алынған кездейсоқ мәліметтер мен артефактілердің басым бөлігін бастапқы жинақтау кезеңі жалғасын тапты. XX ғасырдың 30-шы жылдары қола дәуіріндегі ескерткіштерді археологиялық зерттеу жаңа саяси конъюнктураның аясында жүргізілді. Бұл кезеңде мақсатты далалық археологиялық зерттеулер, бірінші кезекте негізгі қозғаушы күші материалдық мәдениет тарихының мемлекеттік Академиясының экспедициялары болған жаңа құрылыстар аймақтарында жүзеге асырыла бастайды.

Екінші кезең 1946 жылы ҚазКСР Ғылым академиясының құрылуымен байланысты, ол Қазақстанның қола дәуіріндегі ескерткіштерді зерттеудің өзіндік «локомотиві» болды. Осы кезеңде кәсіби тарихшылар мен археологтардың ұлттық кадрлары толығымен қалыптасты, Қазақстанның қола дәуіріндегі ескерткіштерді зерттеудің ұйымдастырушылық негізі қалыптасты.

Үшінші кезең барысында, Қазақстан Республикасының егемендігі жағдайында Отандық тарих ғылымындағы зерттеу сипаты қола дәуіріндегі халықтың өзіндік мәдениетіне деген қызығушылығын жандандыруға әкелді. Сонымен бірге, отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде қола дәуірі туралы білім деңгейінің жоғарылағанын ескере отырып, Қазақстанның қола дәуірін зерттеу тарихында тек аймақтық жұмыстардың болғандығын көрсету қажет.

Жұмыстың апробациясы. Зерттеудің негізгі нәтижелері 15 жарияланымда, оның ішінде ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған басылымдарда жарияланған 3 мақалада және нөлдік емес импакт-факторы бар шетелдік журналдарда 3 ғылыми жұмыста көрініс тапты. Жұмыстың апробациясы 8 халықаралық конференцияларда жүзеге асырылды: «Қазіргі заманғы жаһандық мәселелер алдындағы ғылыми қауымдастықтың интеграциясы» (Осака, Жапония 2017), «С.У.Жауымбаевтың 70 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары» (Қарағанды, 2017), «IX Оразбаевоқулары» (Алматы, 2017), «Қазақстан және Орта Азия тарих ғылымының өзекті мәселелері» (Астана, 2018), «Марғұлан оқулары – 2018» (Ақтөбе, 2018), «X Оразбаев оқулары» (Алматы, 2018) «Қоғамдық сананы жаңғырту және Қазақстанның жаңа гуманитарлық ғылымдары» (Қарағанды, 2018), V (XXI) «Бүкілресейлік археологиялық конгресс» (Белокуруиха, 2017). Зерттеу нәтижелері бірнеше

жинақталған монографияларда көрініс тапты, «Қарағанды облысы Осакаров ауданының археологиялық картасы» (2013 ж.), «Қарағанды облысы Бұқаржырау ауданының археологиялық картасы» (2014 ж.), «Қарағанды облысы Абай ауданының археологиялық картасы» (2015 ж.), «Нұра ауданының археологиялық картасы» (2016), «Қарағанды облысының Ақтоғай ауданының археологиялық картасы»(2017), «Қарағанды облысы Шет ауданының археологиялық картасы »(2018).

Автордың Орталық Қазақстанның қола дәуірінің ескерткіштерін (Ащысу, Алат, Нұра-Талды, Литвинское, Талды-2, Қызылтау) археологиялық зерттеулерге қатысуы және Қарағанды облысының әртүрлі аудандарындағы археологиялық нысандарды (2011-2019 жж.) құжаттау жеке тәжірибесінде маңызды болды.

Қорғауға арналған ережелер:

1. Дәстүрлі көзқарастан айырмашылығы, археология ғылымында ұсынымдар басым бола бастады, Қазақстанның қола дәуіріне алғашқы материал жинау кезеңі 40-шы жылдары аяқталады.

2. Қола дәуірін зерттеудің екінші кезеңінде андронов кезеңі жеке бағытта ерекшеленеді. Қазақстанның қола дәуірі өзінің шартты кезеңделуін және хронологиялық кезеңдердің өзара генетикалық байланыстары пайда болады, кейін мәдениеттер: Алакөл, Нұра -Федоров және Беғазы-Дәндібай Алексеев-Саргариндер бөліп алады. Қазіргі уақытта Алакөл мен Федоровтың ежелгі дәуірінің кейінгі қола дәуірінің мәдениеттерімен уақыттық континуумда қатар өмір сүруіне болжам жасалады

3. Қола дәуіріндегі ескерткіштерді зерттеу тарихнамасы және тарихын зерттеу мәселелерін әзірлеу палеометалл дәуіріндегі өркениетті қалыптастыру және дамыту орталықтарының бірі ретінде Қазақстанның ежелгі тайпаларының далалық Еуразияның археологиялық мәдениеті жүйесіндегі, мәдениетін анықтауға мүмкіндік береді.

4. Соңғы онжылдықта палеогенетика, палеоантропология және палеозоология бойынша сапалы жаңа материалдар археологиялық зерттеулерге қолданылуда. Қола дәуіріндегі археологиялық ескерткіштер мен артефактілерді зерттеуде әр түрлі ғылыми әдістерді қолдану Қазақстан аумағында III-б. э. I мыңжылдықтың басында тұратын тайпалардың этногенезін, социогенезін және мәдениогенезін зерттеуге мүмкіндік береді.

5. Қазақстанның қола дәуірін зерттеуде келесі мәселелер басты және пікірталасты болып табылады: этникалық және мәдени нысандардың генезисі мен қалыптасуы, қоғамның әлеуметтік деңгейінің дәрежесі, хронология мен кезеңдену мәселесі, қолданбалы өнердің семантикасы, тау-кен және металлургия өнімдерінің даму деңгейлері.

6. «Мәдени мұра», «Руханижаңғыру», «Ұлы Даланың жеті қыры» мемлекеттік бағдарламаларын, сондай-ақ «ҚР БҒМ ғылыми-зерттеу жобаларын гранттық қаржыландыру» республикалық конкурсын жүзеге асыру аясында зерттеулердің перспективалық бағыттары таңдалды, бұл көптеген материалдық және рухани бағыттырдағы тақырыптық мақалалар, монографиялардың жарық көруіне алып келді.

Жұмыстың құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, он екі тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.